

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 336 -338

ОРМАН РЕСУРСТАРЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ОЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Нұрпеисов М.Н.

Қазақстан алуан түрлі табиғи ресурстарға бай елдердің бірі болып саналады. Бұл оның территориясының үлкендігі мен тарихына байланысты. Жер және су қоры табиғи байлықтарынан басқа, республикада орман ресурстары да бар. Дегенмен, аймақтың географиялық орналасу ерекшелігіне қарай, орман қоры сондай көп мөлшерде емес болғандықтан Қазақстан шағын орманды мемлекеттер қатарына жатады.

Соңғы жылдардағы жер балансының деректері бойынша орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 22,4 млн.га немесе республиканың пайдаланылатын жер қорының 8,3%-ын құрады[1]. Орман қоры жерлерінің құрамына орманмен көмкерілген, сондай-ақ орманмен жабылмаған, бірақ орман шаруашылығының мұқтаждары үшін берілген жер учаскелері енгізілген[2].

Орман қоры жерлерінің негізгі аудандары шамамен Қызылорда облысында 6,7 млн.га, Жамбыл-4,5 млн.га, Алматы-5,3 млн.га, Түркістан-3,4 млн.га және Шығыс Қазақстан-2,2 млн.га аумақты алып жатыр[1].

Ормандардың едәуір бөлігі бұталы және жапырақты болып келеді. Олардың ішінде сексеуіл өсімдіктері шамамен 5 млн. га, қайың 1 млн. га жуық, қарағай 900 мың га жуық, майқарағай 400 мың га, көктерек 300 мың га негізінен Алтай, Жоңғар Алатауының таулы аудандарында және Тянь-Шаньның шығысында шоғырланған. Солтүстігінде қайың шоқылары орналасқан, Ертіс пен Тобыл өзендерінің бойында қарағайлы ормандардың шағын аудандары сақталған, құмдарда отынға және құмдарды бекітуге пайдаланылатын сексеуіл өседі[1]. Жер реформасы жылдарында орман қоры жерлерінің аудандары, негізінен, оның құрамына бұрын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының уақытша жер пайдалануындағы жерлердің берілуіне байланысты екі еседен астам өсті.

Орман алқаптары ел экономикасында маңызды рөл атқарады және көптеген субь-ектілердің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өте маңызды. Олардың өзіне тән бірқатар ерекшеліктері болғандықтан, барлық теориялық ережелер орман шаруашылығында арнайы зерттеулерсіз қолданыла бермейді. Орман шаруашылығы бұл тек әртүрлі орман ресурс-

тарының көзі ғана емес, сонымен қатар ол өмір сүруге қолайлы табиғи ортаны сақтау мен жақсартуда ерекше мәнге ие табиғатты пайдалану нысаны. Ал орман шаруашылығы жүйесінің басты мақсаты географиялық ландшафттар ретінде, ормандардың болашақ ұрпақ қажеттілігі үшін тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Жалпы ормандар табиғи ортаның бір бөлшегі бола отырып, төмендегідей бірқатар экологиялық және экономикалық маңызды міндеттерді орындайды:

- көбінесе атмосфера құрамы мен оның тазаруына ықпал етіп, көміртегі мен оттегінің жаһандық айналымында маңызды рөл атқарады;

- су айналымын реттестіре отырып, су экожүйесінің жай-күйіне маңызды әсер етеді;

- топырақ эрозиясын болдырмауға ықпал етіп, жаппай сел және су басу апаттарына кедергі келтіреді;

- көптеген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің өмір сүру ортасы болып табылады, яғни жер бетіндегі биоәртүрліліктің сақталуын заттық тұрғыдан жағдай жасау ретінде қызмет етеді;

- рекреациялық және эстетикалық міндеттер атқарады;

- шаруашылықтық мақсаттар үшін белсенді қолданылады.

Орманды басқару мен орман шаруашылығының тиімділігі әрқашан да басты мәселелерінің бірі болатындығы да осыдан. Саланың көптеген реформалары ормандарды пайдалануды, сақтауды, қорғауды және молықтыруды ұйымдастыруға, ел аумағының экологиялық жай-күйіне, ғылыми-техникалық және кадрлық әлеуетке елеулі әсер ететін ормандарды басқару жүйесінің түбегейлі өзгеруіне әсерін тигізді.

Қазіргі кезде елдегі орман ресурстарын пайдалану ұмтылыстарынан, әсіресе ағашқа деген сұраныстың артуынан орманды кесу, ағаш қорының азаюы, табиғи ормандардың нашарлауы апатты салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан тұрақты орман пайдалану саясатын жаһандық ауқымда түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындайды[3].

Орман шаруашылығын басқару және ұйымдастыру мекемелері орман ресурстары мен олардың пайдалы қасиеттерін кешенді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді іске асыруда. Сонымен қатар олар ормандардың өнімділігін арттыру, ормандардың тұрақтылығы мен биоалуантүрлілігін сақтау, орман орналастыру, ормандарды өрттен және зиянкестер мен аурулардан қорғау, орманды қалпына келтіру, орманды күтіп-баптау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, орман пайдалануды ұйымдастыру бойынша орман қорын дайындау және тұрақты орман иеленуді жүзеге асыру үшін оларды бөліп беру, орман пайдалануды бақылау және басқа да міндеттерді орындайды[4].

Дегенмен, бүгінгі таңда ормандарды сақтау және пайдалану мәселелері барған сайын әр түрлі және күрделі болып келеді. Қазақстан ормандары үшін негізгі сын-тегеуріндер қатаң климаттық жағдайлар, адамның ормандарды кесіп тастауы, экологияға зиян келтіретін мұнай ресурстарын игеру, ядролық қару сынақтарымен қоршаған ортаны ластау болып табылады. Ормандардың

өрттен, зиянды организмдерден және басқа да қолайсыз факторлардан жойылу, ормандардың биологиялық әртүрлілікті жоғалту қаупі, климаттың өзгеруі салдарының күшеюі ұлғаюда. Сол себепті орманды бағалау мен басқарудың қазіргі кездегі жұмыстары, маңыздылығы артып келе жатқан әлеуметтік, экономикалық және экологиялық талаптарға сай болуы керек.

Орман ең берік табиғи жүйелердің бірі, бірақ қалпына келтіру өте қиын. Әсіресе, орманды өрттен қорғаудың маңызы зор. Орман өрттері органикалық заттардың жылына миллиондаған тоннасын жояды, орман шаруашылығына орасан зор зиян келтіреді, ағаштардың өсімін азайтады, орманның құрамын және топырақ жамылғысын нашарлатады. Орман өрттері зиянды жәндіктер мен ағаш бұзатын зиянкестердің таралуына ықпал етеді. Осындай апаттардан жойылған ормандарды міндетті түрде қалпына келтіру қажет. Ол үшін ел аумағында жатқан көптеген ыңғайсыз және қараусыз қалған жерлерді, жыраларды, бос жерлер мен үйінділерді орман өсіру үшін табысты пайдалануға болады.

Салауатты экологиялық жағдайды сақтау үшін орман алқабын сақтау қажеттілігін түсіну ҚР-ның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы қабылдауға әкелді. ҚР-ның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың негізгі мақсаттарының бірінде «Балық, орман ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау, ұтымды пайдалану және молықтыру» делінген. Дәл осындай міндет ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қазіргі уақытта қолданылып жүрген 2017 - 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында қойылған[3]. Атап айтқанда, ормандарды сақтау саласында бұл жоспар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және мамандан-дырылған орман шаруашылығы кәсіпорындарының аумақтарында орманмен қамтылған жерлердің ауданын жыл сайын арттыруды көздейді. Барлық аумақтық құрылымдардың тұрақты дамуына қол жеткізу және табиғатты ұтымды пайдалану қажеттілігіне байланысты экологиялық мәселелердің негізгі факторы болып табылатын үлкен құндылығы бар табиғи ресурстарды, әсіресе ормандарды бағалаудың маңыздылығы зор.

Осылайша, жалпы экономиканың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттілігі және нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту орман ресурстарын бағалауға, әсіресе оларды шаруашылық айналымға тарту кезінде, іс жүзінде жаңа тәсілдер әзірлеуді талап етеді. Біздің ойымызша, қазіргі кезде ормандарды тиісті дәрежеде кешенді бағалаусыз, тұрақты пайдалану мүмкін емес.

Осы мақсатқа, мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыру, орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар, ормандарды молықтыру және орман өсіру, өсімдіктер дүниесі объектілерін жасанды өсіру, орман шаруашылығын жобалау сияқты орман шаруашылығының басым бағыттарын орындау арқылы қол жеткізуге болады.

1. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі, Нұр-Сұлтан, 2019
2. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 г. (с изменениями от и дополнениями)
3. Стратегический план Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан на 2017-2021 годы, утвержденный приказом МСХ от 30.12.2016 года №541.
4. Региональное природо- и лесоустройство на принципах геосистемной организации территории / В.Н. Воробьев, В.И. Хамарин, И.А. Бех, А.Г. Дюкарев // Лесн. хоз-во. – 2001. – № 2. – С. 35–37.
5. Kohl M., Magnussen S., Marchetti. Sampling methods, remote sensing and GIS multiresource forest inventory // Springer-Verlag. – Berlin: Heidelberg, 2006. – 376 p.